

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ  
АКАДЕМИЯСЫ**

**КӘСІБИ ОҚЫТУ ИНСТИТУТЫ  
ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ КАФЕДРАСЫ**



**«ҚАСАҚАНА АДАМ ӨЛТІРУ  
ҚЫЛМЫСТАРЫН ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУГЕ  
ЖӘНЕ СОТТА МЕМЛЕКЕТТІК АЙЫПТАУДЫ  
ҚОЛДАУҒА ПРОЦЕСТІК БАСШЫЛЫҚ ЕТУ»**

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ**

**Қосшы, 2025**

**УДК 343.1**  
**ББК 67.411**  
**Б40**

**РЕЦЕНЗЕНТТЕР:**

**Темиржанова Ләззат Ахметжанқызы** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Заң факультетінің «Конституциялық және азаматтық құқықтар» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

**Сейтаева Жанар Секежанқызы** – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл бойынша арнайы дайындық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**ISBN 978-601-82272-2-6**

**Қасақана адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеруге және сотта мемлекеттік айыптауды қолдауға процестік басшылық ету: әдістемелік ұсынымдары / А.С. Бектен, Р.Ч. Рахметчанов, Е.В. Ким – Қосшы қ.:** Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2025 - 83 б.

Бұл әдістемелік ұсынымдарда кісі өлтіру туралы арызды (хабарламаны) сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне (бұдан әрі – СДТБТ) тіркеген сәттен бастап сотта іс бойынша шешім қабылданғанға дейін тренинг өткізудің қадамдық алгоритмі (сценарийі) ұсынылады.

Бұл ретте осы сценарийге сәйкес қатысушыларға тапсырмалар беріліп, оларды орындау және шешу арқылы тыңдаушылар қылмыстық істі тергеп-тексерудің, істі сотта қараудың белгілі бір кезеңдерінде прокурордың іс-

әрекеттерін орындайды және дәл сол немесе өзге де шешімдерді қабылдайды. Сондай-ақ, онда уақытша ұстау изоляторын тексеру, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 105-бабы тәртібімен қылмыстық процеске қатысушылардың өтініштері мен шағымдарын қарау, негізгі іс жүргізу шешімдерін келісу, өтініштерді қолдау, жазбаша нұсқаулар беру, негізсіз шешімдердің күшін жою, қадағалау актілерін енгізу, айыптау актісін жасақтау, мемлекеттік айыптауды қолдау және т.б. тапсырмалар қарастырылған.

Осы әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Кәсіби оқыту институтының Прокурорлық қадағалау кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамына прокуратура органдары қызметіне алғаш кіретін бастапқы кәсіби даярлық курстарының тыңдаушыларын оқыту үшін арналған.

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Оқу-  
әдістемелік кеңесінің шешімімен (14.04.2025 жылғы № 11  
хаттама) басылымға шығаруға ұсынылды.*

**ISBN 978-601-82272-2-6**

© Құқық қорғау органдары академиясы, 2025  
© Авторлар ұжымы, 2025

## Мазмұны

Кіріспе.....	6
<b>1. Прокурордың кісі өлтіру туралы мәліметтер келіп түскеннен кейінгі әрекеттері.....</b>	<b>8</b>
<b>1.1. Кісі өлтіру туралы хабарлама алған кездегі кезекші прокурордың іс-әрекеті.....</b>	<b>10</b>
<b>1.2. Кісі өлтіру туралы хабарлама алған сәттен бастап қалаадан прокурорының не оның жетекшілік ететін орынбасарының іс-әрекеттері.....</b>	<b>11</b>
<b>1.3. Прокурордың оқиға орнындағы іс-әрекеті..</b>	<b>12</b>
<b>2. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы әрекеттері және заңдылықтың бұзылуына ден қоюы.....</b>	<b>17</b>
<b>3. Прокурордың күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын таңдаудың заңдылығын тексеру жөніндегі іс-әрекеті.....</b>	<b>22</b>
<b>4. Прокурордың негізгі процестік шешімдерді келісу / бекіту жөніндегі іс-әрекеттері.....</b>	<b>25</b>
<b>4.1. Негізгі процестік шешімдер бойынша заңдылықты тексеру және келісім білдіру (келісуден бас тарту) тәртібі.....</b>	<b>25</b>
<b>4.2. Негізгі процестік шешімдердің заңдылығын тексеру, бекіту немесе бекітуден бас тарту тәртібі.....</b>	<b>28</b>
<b>4.3. Прокурордың процестік шешімдерді бекіту тәртібі.....</b>	<b>32</b>
<b>5. ҚР ҚПК-нің 300-бабы тәртібінде келіп</b>	

түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдері.....	43
<b>6. Прокурордың айыптау актісін жасақтау ерекшеліктері.....</b>	<b>44</b>
<b>6.1. «WEB СДТБТ» ақпараттық жүйесінде прокурордың айыптау актісін жасау тәртібі.....</b>	<b>48</b>
<b>7. Мемлекеттік айыптаушының басты сот талқылауындағы әрекеттері.....</b>	<b>54</b>
<b>8. Қосымша. Тренинг өткізу сценарийі.....</b>	<b>62</b>
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	81

## **Кіріспе**

Осы әдістемелік ұсынымдар профессорлық-оқытушылық құрамға тәжірибелік көмек көрсету мақсатында, әсіресе жаңадан бастаған оқытушыларға қылмыстық қудалау органы қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен негізділігін кәсіби деңгейде анықтай алатын мамандар даярлау, қасақана кісі өлтіруді тергеп-тексеруге процестік басшылық жасау дағдыларын үйрету мақсатында әзірленді.

Бұл әдістемелік ұсынымдар тренингтер түрінде тәжірибелік сабақтар өткізуді көздейді, оның барысында тыңдаушылар қылмыстық істі тергеп-тексеруді қадағалаудың және кісі өлтіру істері бойынша процестік басшылық етудің ерекшеліктері, прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есеппен келіп түскен қылмыстық істің материалдарын зерделеудің мән-жайлары, ұсынылған дәлелдемелік базаны зерттеудің әдістері, қылмыстық-процестік заңнаманы бұзушылықтарды анықтау және қылмыстық заңның нормаларын дұрыс қолданбау туралы терең білім алады.

Бұл жұмыста қылмыстардың, атап айтқанда кісі өлтірудің теориялық аспектілерін зерттеу мақсаты қойылмаған, өйткені осы тақырып бойынша жеткілікті материалдар алдын ала әзірленген.

Әдістемелік ұсынымдар практикалық тәжірибе негізіндегі мысалдармен нақты қылмыстық істердің санатына қатысты қадағалауды жүзеге асырудың дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Әдістемелік ұсынымдар кісі өлтіру туралы арыз (хабарлама) СДТБТ-ға тіркелген сәттен бастап, сотта мәні бойынша қаралғанға дейінгі тренингтің қадамдық алгоритмін (сценарий) ұсынады.

Бұл ретте, осы сценарийге сәйкес тыңдаушылар берілген тапсырмалар бойынша қылмыстық істі тергеп-тексерудің белгілі бір кезеңінде, істі сотта қарау барысында прокурордың әрекеттерін орындайды және дәл осы немесе өзге де шешімдерді қабылдайды.

Бұдан басқа, ведомстволық нұсқаулықтың талаптарына сәйкес күнделікті қадағалаудың функцияларына қатысты уақытша ұстау изоляторларын тексеру, қылмыстық процестің қатысушыларынан ҚР ҚПК-нің 105-бабының тәртібімен келіп түскен өтініштер мен шағымдарды қарау, негізгі процестік шешімдерді келісу, өтініштерді қолдау, жазбаша нұсқаулар беру, негізсіз шешімдердің күшін жою, қадағалау актілерін енгізу, айыптау актісін жасақтау, мемлекеттік айыптауды қолдау секілді және т.б. тапсырмалар қарастырылған.


Әдістемелік ұсынымдар оқу бағдарламасына сәйкес тәжірибеден өтіп келген тыңдаушыларға арналған сабақтарда сынақтан өтті.

## **1. Прокурордың кісі өлтіру туралы мәліметтер келіп түскеннен кейінгі әрекеттері**

«102» пультіне кісі өлтіру туралы мәліметтер келіп түскен кезде кезекші полиция қызметкері бұл фактіні ақпараттарды тіркеу кітабына (бұдан әрі - АТК) және СДТБТ-ға тіркейді, оқиға орнына жедел топты жібереді, кезекші прокурорға, аймақтың полиция бөлімінің және Полиция департаментінің басшылығына хабарлайды.

Кезекші прокурор аудан/қала прокурорына мәліметтерді хабарлайды, соңғысы қылмыс оқиғасы болған жерге дереу шығады (Нұсқаулықтың 4-тармағы).

Көрнекі түрде (кестені қараңыз):



## **1.1. Кісі өлтіру туралы хабарлама алған кездегі кезекші прокурордың іс-әрекеті**

Кезекші прокурор оқиға туралы хабарды алғаннан кейін дереу:

- оқиға орнының уақытын, нақты мекен-жайын;

- оқиғаның мән-жайын;

- жәбірленушілердің денсаулық жағдайын;

- күдікті, құқық бұзушылықтың куәлары мен көрген адамдар туралы мәліметтерді;

- хабарламаның АТК-ға, СДТБТ-ға тіркелу фактісін және қылмыстың алдын ала саралануын анықтауы тиіс.

Осы мәліметтер туралы жоғары тұрған прокурорға не жетекшілік ететін орынбасарға (кез келген қолжетімді байланыс құралдарымен), сондай-ақ облыс не республикалық маңызы бар қала прокуратурасының кезекші прокурорына дереу баяндайды.

## **1.2. Кісі өлтіру туралы хабарлама алған сәттен бастап қалаадан прокурорының не оның жетекшілік ететін орынбасарының іс-әрекеттері**

Қалаадан прокуроры не оның жетекшілік ететін орынбасары (бұдан әрі - прокурор) оқиға орнына барынша қысқа мерзім ішінде келуі тиіс (ауа райының қолайсыздығын, оқиға орнына дейінгі қашықтықты, жол-көлік жағдайларын, мекенжай туралы мәліметтердің дәлдігін ескеруі қажет).

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 21.02.2023 жылғы №65 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық қудалаудың заңдылығын ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтың (бұдан әрі - салалық Нұсқаулық) 4-бөліміне сәйкес, прокурорлар жеке адамға қарсы жасалған аса ауыр қылмыстар бойынша оқиға орнына шығады. Прокурордың қатысуы оқиға орнын қарау хаттамасында көрсетіледі.

### 1.3. Прокурордың оқиға орнындағы іс-әрекеті

Прокурор оқиға орнына қарау жүргізуге полиция (Департамент, басқарма, бөлім) бастығының қатысу үшін келгенін тексеруі, жағдайды және Жедел-тергеу тобының (бұдан әрі - ЖТТ) жұмысының дайындығын бағалауы тиіс.

Бұл жағдайда келесі әрекеттер алгоритмін ұстану керек:

1. Прокурор ЖТТ-ның басшысынан (полиция бастығынан немесе жауапты қызметкерден) мынадай мәселелер бойынша қысқаша баяндаманы талап етуі тиіс:

- прокурор келген кезде белгілі болған жана немесе нақтылайтын мәліметтер;

- ЖТТ-ның құрамы;

- сот медицинасы, өрттерді зерттеу, баллистика, жарылыс техниктері, жол-көлік оқиғасы кезінде сарапшы-автотехник және басқа да салалардағы тиісті бейіндегі мамандардың қатысуы, сондай-ақ құқық бұзушылықты ашу үшін қосымша күштер мен құралдарды тартудың қажеттілігі;

- ЖТТ-ның материалдық-техникалық жабдықталуы (биологиялық материалды, иіс іздерін алу үшін қажетті техникалық-криминалистік құралдар жиынтығының болуы, фото-бейнеаппаратураның жарамды күйде екендігі, қоршауға арналған ленталардың, мәйіттерге

арналған қаптардың, жапсыру, таңбалау, буып-түю материалдарының және т.б. болуы);

- куәгерлердің қатысуы (тұрғын үй-жайларды қараған жағдайда).

## 2. Прокурор назар аударуы керек:

- оқиға орны қоршалған ба және күзетілген бе? Қажет болған жағдайда, ауызша нұсқау беру керек (атап айтқанда, іздер мен дәлелдерді жоғалтуды болдырмас үшін);

- күдіктінің (күдіктілердің) келуі (енуі) немесе кетуі (өтуі) ықтимал орындар бойынша іздеу және қоршау шаралары қабылданған ба?;

- оқиға орнынан бөгде адамдар шығарылған ба?;

- тергеу құпияларын қамтамасыз ету бойынша талаптар сақталған ба, оқиға туралы деректерді рұқсатсыз алу, жария ету және тарату, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу мүмкіндіктері жойылған ба (бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, ПО қызметкерлерінің, куәлардың рұқсат етілмеген фото, бейне түсіруі)?

3. Қарауға қатыса отырып, прокурор оның сапалы жүргізілуін, тәртібі мен дәйектілігінің сақталуын, хаттамадағы тиісті фактілер мен процестік дәлелдердің бекітілуін, толыққанды техникалық-криминалистикалық құралдар мен сараптама мекемелерінің мүмкіндіктерін қолдануды бақылауы тиіс. Қатысушы тұлғалардың (қарау жүргізіліп жатқан тұрғын үй-жайдың,

коммерциялық немесе өзге де жылжымайтын мүліктердің, автокөліктің иелері болып табылатын күдіктілердің, туыстардың, өзге де адамдардың) дәлелдемелерді қасақана жоюға немесе жасыруға бағытталған ықтимал іс-әрекеттерінің алдын алу шаралары қабылданғанын анықтау қажет.

Бұл ретте, прокурор ЖТТ-ға қосымша қарау жүргізу, алу және өзінің пікірі бойынша тергеушінің назарынан тыс қалған дәлелдемелерді (жолдағы, кіреберістегі іздер, бейнебақылаумен жабдықталған орындар және т.б.) бекіту туралы нұсқау бере алады.

**4.** Прокурор ЖТТ-ның мүшелерінің заттай дәлелдемелерді буып-түю, мөрлеу және тиісті тұлғалардың қолдарымен куәландыру жөніндегі талаптарды сақтауына ерекше назар аударуы керек.

Зақымдану мүмкіндігін болдырмайтындай және олардағы іздердің (микро іздер) сақталуы қамтамасыз етіле отырып, заттар, құндылықтар және құжаттар түріндегі заттай дәлелдемелер қаптарға оралып салынады. Бұл ретте, орама қаптамасына бирка жапсырылады, онда объектілердің алынған күні, саны, тергеу әрекетін жүргізген орын, қылмыстық істің нөмірі жазылып, тергеу әрекетіне қатысушылардың, алу жүргізілген тұлғаның, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын орган қызметкерінің қолдары қойылумен куәландырылады, сондай-ақ тиісті органның мөрімен бекітіледі.

Прокурор, мысалы ылғал күйдегі биологиялық іздері бар заттай дәлелдемелердің (киім заттары, қан, сілекей, шығындылар және т.б. жұғындылары) таза әрі жаңа орау қағазына (егер ол жоқ болса, газеттерді, қораптарды және т.б. қолдануға болады) немесе қағаз конверттерге қапталуы тиіс екенін білуі тиіс. Ылғал заттарға полиэтилен пакеттерді пайдалануға жол берілмейді. Осындай заттай дәлелдемелерге қатысты барлық рәсімдер қолғаппен жүргізіледі (қолғаптар әртүрлі объектілерді қарау барысында мүмкіндігінше ауыстырылады).

Қылмыстың іздері бар заттай дәлелдемелердің тұтастығын бұзбау өте маңызды. Сынғыш материалдардан жасалған заттар мен нәрселер қорапқа немесе қолда бар контейнерлерге (бос пластик ыдыстар және т.б. қолдануға болады) ұқыпты түрде салынуы керек.

**5.** Прокурор ЖТТ-ның мүшелеріне тек дәлелдемелерді анықтауға, бекітуге, алуға қатысты білікті және тәжірибелік көмек көрсетіп қана қоймай, оларды әрі қарай қылмыстарды ашу мен тергеуге пайдалану үшін бағыттар көрсетеді.

Оқиғаның бейнесін қалыптастыра отырып, прокурор сараланудың дұрыстығын, қылмыстың Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚК) нақты бабымен СДТБТ-ға тіркелуінің заңдылығын және негізділігін тексереді. Салалық Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес

прокурордың осы мәселелерді шешуге 24 сағаты бар.

Прокурор ЖТТ-ның мүшелерімен бірлесіп, бастапқы материалдарды, алынған іздерді және басқа да заттай дәлелдемелерді зерттеуі тиіс. Алынған ақпараттар негізінде прокурор қылмысты ашу бойынша шұғыл тергеу әрекеттерін, жедел іздестіру және іздеу іс-шараларын жүргізу жөнінде жазбаша түрде нұсқаулар береді.

Қажет болған жағдайда прокурор ЖТТ-ға күдіктілерге куәландыру, оларға тінту жүргізу, жәбірленушілерді анықтау, заттай дәлелдемелерді алу, куәларды жауаптау, қажетті мәліметтер алу туралы уәкілетті органдарға сұрау жіберу, криминалистикалық зерттеулер мен сот сараптамасын тағайындау жөнінде тапсырмалар бере алады.

## **2. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы әрекеттері және заңдылықтың бұзылуына ден қоюы**

Прокуратура органдары тергеу басталған сәттен бастап аяқталғанға дейін үздіксіз қадағалауды қамтамасыз етуі керек.

Қасақана кісі өлтіру туралы қылмыстық істер сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен және экономикалық тергеу қызметімен тергелетін істермен қатар, сондай-ақ ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы басқа да істер СДТБТ-ға тіркелген кезден бастап ол бойынша қорытынды шешім қабылданғанға дейін әрбір 15 тәулік сайын зерделенетінін есте ұстаған жөн.

Сонымен бірге, белгіленген мерзімділікке қарамастан, жеке тінтудің, тінтудің, алудың, мәжбүрлеп (дереу) қараудың, куәландырудың, мәйітті эксгумациялаудың, үлгілерді мәжбүрлеп алудың, мүлікке билік етуді уақытша шектеудің немесе мәмілелер және мүлікпен өзге де операциялар жасауды тоқтата тұру туралы хабарламалардың, жылжымалы, жылжымайтын мүлікке, банк шоттарына тыйым салудың, жоспардан тыс тексерудің, құжаттамалық тексерудің немесе өзге де қызметтік тексерудің заңдылығын тексеру тиісті қаулының немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның

хабарламасының көшірмесі келіп түскен кезден бастап 24 сағат ішінде жүргізіледі.

Істің барлық материалдарын зерделеу арқылы:

- адамның құқықтары мен бостандықтарын, бизнес және мемлекет мүдделерін қозғайтын (тінту, алу, мүлікке тыйым салу және т.б.) тексерілетін кезеңдегі жүргізілген процестік әрекеттердің заңдылығы мен негізділігі;

- тергеу жүргізудің процестік мерзімдері мен тәртібінің сақталуы тексеріледі.

Істі зерделеу нәтижелері бойынша:

- заңсыз процестік шешімдер жойылады;

- ҚР ҚПК-нің талаптарын бұзумен алынған нақты деректерді жол берілмейтін дәлелдеме деп тану туралы қаулылар шығарылады;

- сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру үшін ақылға қонымды мерзімдерді белгілеу арқылы іс бойынша жазбаша нұсқаулар беріледі.

Заң бұзушылықтар, тергеп-тексерудің сөзбұйдалыққа салынуы немесе толық еместігі анықталмаған жағдайда, тиісті қорытынды жасалады және ол басшымен бекітіледі.

Кінәсіз адамды көрінеу заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тартуға, қылмыстық жауапкершіліктен көрінеу заңсыз босатуға, ұстауға, қамауға алуға әкеп соқтырған, сондай-ақ қылмыс жасауға арандатумен, айғақтар беруге мәжбүрлеумен, дәлелдемелерді бұрмалаумен байланысты және т.б. заң нормаларын

бұзушылықтар анықталған жағдайда, кінәлі лауазымды тұлғаларға қатысты материалдарды СДТБТ-ға тіркеу немесе олардың тәртіптік жауапкершіліктерін шешу мәселесі дереу қаралады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ҚР ҚПК-де белгіленген мерзімдерін ұзарту тәртібін мүлтіксіз сақтау қамтамасыз етіледі.

Облыс прокурорымен тоқсан сайын кемінде бір рет өзекті қылмыстық істерді (ашылмағандарды қоса алғанда, ауыр және аса ауыр санаттағы, сондай-ақ қоғамдық резонанс тудырған және басқалары) тыңдау өткізіледі, онда тергеп-тексерудің толықтығына, сапасына және жазбаша нұсқаулардың уақытылы орындалуына баға беріледі. Нәтижелері хаттама түрінде ресімделеді және оның көшірмесі қылмыстық қудалау органына жіберіледі.

Негізгі процестік шешімді келісу немесе бекіту үшін мерзімнің есептелуі қылмыстық процесті жүзеге асыратын тұлғаның СДТБТ-ға енгізу сәтінен басталатынын білу қажет.

Бұл ретте, егер мерзімнің соңғы күні демалыс күнге тура келсе, ұстау, күзетпен ұстау, ұйқамаққа алу барысындағы және медициналық мекемеде немесе ерекше режимде ұсталатын білім беру ұйымдарында болған жағдайлардағы мерзімдерді есептеуді қоспағанда, мерзімнің аяқталуы содан кейінгі келесі жұмыс күні болып есептеледі.

Прокурор келіскен не бекіткен негізгі процесік шешімнің күшін тек жоғары тұрған прокурор ғана жояды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында анықталған заң бұзушылықтар бойынша прокурорлық қадағалау актілері енгізілген жағдайда, олар дереу Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің (бұдан әрі - ҚСЖАЕК) ақпараттық жүйелерінде («Қадағалау» ақпараттық жүйесі) ресімделеді.

Прокурор тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы қаулы заңдылықты бұзуға жол берген нақты лауазымды тұлғаларға қатысты шығарылатынын білуге тиіс.

Заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсыну талдау, тексеру нәтижелері бойынша және проблемалық мәселелерді шешу үшін кешенді тәсілді талап ететін басқа да жағдайларда енгізіледі.

Бұл ретте, қадағалау актілері тергеу органдарының орталық аппараттарына Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау және қудалау қызметі (бұдан әрі - 1-Қызмет) арқылы, ал облыстық аппараттарға – облыс прокуратурасы арқылы жіберіледі.

Қадағалау актісін қолдау және сүйемелдеу мәселесі келіп түскен сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралады.

Қадағалау актілері орындалмаған кезде, прокурорлар қылмыстық қудалау органдарының кінәлі тұлғаларын заңда белгіленген жауаптылыққа тарту туралы мәселеге бастамашылық жасайды.

### **3. Прокурордың күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын таңдаудың заңдылығын тексеру жөніндегі іс-әрекеті**

Прокурор «күзетпен ұстауды», «үйқамақты» санкциялау және олардың мерзімдерін ұзарту туралы өтініштерді қарауды және келісуді барлық қажетті материалдарды зерделей отырып және ҚР ҚПК-нің 136, 138 және 147-баптарында көзделген талаптар мен мерзімдерді ескеріп жүргізеді. Бұл ретте, аталған бұлтартпау шараларын кәмелетке толмағандарға қатысты қолдану мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Егер күдікті кінәні мойындамаса не оның қатысы бар екендігіне күмән болса, тиісті хаттаманы ресімдей отырып, оны ұстау орны бойынша жауап алу қажет.

Күдіктену үшін негіздердің жеткіліксіздігі себептері бойынша өтінішхатты қолдаудан бас тартылған жағдайда, бір мезгілде күдікті деп тану және оның әрекеттерін саралау туралы қаулыны келісуден бас тарту туралы қаулы шығарылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, «күзетпен ұстау» және «үйқамақ» түріндегі бұлтартпау шараларының мерзімдерін ұзарту туралы мәселені қарау кезінде прокурор қылмыстық істің материалдарын зерделей отырып:

- істің құқықтық және нақты күрделілігін, сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысушылардың

процестік құқықтарының жүзеге асырылуын, ұзартудың себептерін, тергеу әрекеттерін жүргізудің қарқындылығын, уақытылығы мен реттілігін;

- прокурорға және сотқа материалдарды ұсынудың мерзімдері мен рәсімдерінің сақталуын тексереді.

Тергеу және өзге де іс-қимылдарды уақытылы жүргізбеу себебінен тергеу мерзімдері мен бұлтартпау шаралары ұзартылған жағдайда, кінәлі қызметкерге және оның тікелей басшысына қатысты тәртіптік іс қозғалады және қажетті тергеу әрекеттерін жүргізу туралы жазбаша нұсқау беріледі.

Бас прокуратураның бақылауындағы қылмыстық істер бойынша қамауда ұстауды санкциялау, олардың мерзімдерін ұзарту, бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою туралы өтінішхаттарды келісуден бас тартқан кезде 24 сағаттың ішінде 1-Қызметке арнайы хабарлама жіберіледі.

Бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтініштерді жұмыс уақытынан тыс мезгілде, демалыс және мереке күндері уақытылы қабылдау үшін прокуратураларда өтінішті қабылдаудың нақты уақыты мен күнін көрсететін жауапты тұлғалар айқындалады.

Тергеу органдарының материалдарды ұсыну мерзімдерін бұзуы – оларды қабылдаудан және қараудан бас тартуға негіз болып табылмайды.

Өтінішті зерделеу нәтижелері бойынша прокурор келісімін білдіреді не дәлелді қаулымен оны қолдаудан бас тартады және (немесе) өзге бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешеді. Қаулының көшірмесі мүдделі тұлғаларға жіберіледі.

Ұстау мерзімі аяқталғанға дейін сегіз сағаттан кешіктірмей өтінішхат тергеу судьясына оның негізділігін растайтын қылмыстық іс материалдарының көшірмелерімен бірге жіберіледі.

Тергеу судьясы ҚР ҚПК-нің 56-бабында айқындалған тәртіпті сақтай отырып, материалдар сотқа келіп түскен сәттен бастап сегіз сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде прокурордың, күдіктінің, айыпталушының, оның қорғаушысының қатысуымен күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қарайды.

Сотта өтінішхатты қолдауды уәкілетті не процестік прокурор жүзеге асырады, ол күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау қажеттігін негіздеуге тиіс.

Прокурордың ҚР ҚПК-нің 153-бабының 5-бөлігінің тәртібімен шығарылған бұлтартпау шараларының күшін жою немесе оларды өзгерту туралы өтінішхаттарды келісуі дереу, бірақ 24 сағаттан кешіктірілмей жүргізіледі.

## **4. Прокурордың негізгі процестік шешімдерді келісу / бекіту жөніндегі іс-әрекеттері**

### **4.1. Негізгі процестік шешімдер бойынша заңдылықты тексеру және келісім білдіру (келісуден бас тарту) тәртібі**

Прокурормен келісу және бекіту қаулыны электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыру арқылы, ал қағаз түрінде ресімделген процестік шешімдер мен іс-әрекеттер бойынша қаулының бірінші парағының жоғарғы оң жақ бұрышына прокурордың лауазымын, тегін, аты-жөнін және қол қойылған күнін көрсете отырып, оның қолымен куәландырылатын «Келісемін», «Бекітемін» деген белгі қою арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстық істер бойынша келісу, бекіту, бас тарту, сондай-ақ шешім қабылдау жөніндегі өкілеттіктер салалық Нұсқаулықта көрсетілген.

Дереу қабылданатын келісу не келісуден бас тарту туралы шешімдер бойынша, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей (күдікті ретінде тану, күдіктінің іс-әрекетін саралау және қайта саралау туралы қаулылар) уәкілетті не процесс прокурорлары:

- жұмыс уақыты ішінде прокуратура органының басшысынан мәнін тексеру үшін түсетін негізгі процестік шешімдерді (бұдан әрі - НПШ) СДТБТ-ның ақпараттық жүйесіндегі қадағалау журналынан үнемі тексеріп отыруға;

- күдікті адам ұсталған қылмыстық істерді қоспағанда, НППШ-ның заңдылығы мен негізділігі тұрғысынан (қажет болған жағдайда материалдарды талап ете отырып) тексеру тапсырмасын алған сәттен бастап 9 сағат ішінде олар бойынша тексеру уақыты ұстау мерзімімен шектелетінін ескеруге міндетті.

Уәкілетті прокурор:

- қабылданған НППШ-мен келіскен жағдайда – СДТБТ-дағы тиісті «КЕЛІСЕМІН» белгішесін басады;

- адамды күдікті деп танумен келіспеген жағдайда – келісуден бас тарту туралы дәлелді қаулы қалыптастырады және оған электронды-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) арқылы қол қояды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерінің үзілуін келісу не келісуден бас тарту туралы шешім бойынша уәкілетті не процесс прокурорлары:

- жұмыс уақыты ішінде прокуратура органының басшысынан мәнін тексеру үшін түсетін НППШ-ны СДТБТ-ның ақпараттық жүйесіндегі қадағалау журналынан тексеріп отыруы;

- күдікті адам ұсталған қылмыстық істерді қоспағанда, НППШ-ның заңдылығы мен негізділігі тұрғысынан (қажет болған жағдайда материалдарды талап ете отырып) тексеру тапсырмасын алған сәттен бастап 9 сағат ішінде олар бойынша тексеру

уақыты ұстау мерзімімен шектелетінін ескеруі қажет.

- тапсырманы алған сәттен бастап 2 күн ішінде НППШ-ны заңдылығы мен негізділігі тұрғысынан (істі талап ету қажет болған кезде сұрау салу 1 күн ішінде жіберіледі, бұл ретте заңдылықты тексеру мерзімі мерзімдерді ұзу туралы қаулы келіп түскен күннен бастап 10 тәуліктен аспауға тиіс) тексеруі қажет.

## **4.2. Негізгі процестік шешімдердің заңдылығын тексеру, бекіту немесе бекітуден бас тарту тәртібі**

Қылмыстық іс жүргізуді тоқтатуды бекіту не бекітуден бас тарту туралы шешім бойынша уәкілетті не процесс прокурорлары:

- жұмыс уақыты ішінде прокуратура органының басшысынан мәнін тексеру үшін түсетін НПШ-ны СДТБТ-ның ақпараттық жүйесіндегі қадағалау журналынан тексеріп отыруы;

- материалдар прокуратура кеңсесіне келіп түскен сәттен бастап 7 күн ішінде қылмыстық істі зерделей отырып, НПШ-ны заңдылығы мен негізділігі тұрғысынан тексеруі қажет.

Уәкілетті прокурор:

- қабылданған НПШ-мен келіскен жағдайда – оны прокуратура органының басшысына бекіту үшін жібереді, соңғысы СДТБТ-дағы тиісті «БЕКІТЕМІН» белгішесін басады;

- қабылданған НПШ-мен келіспеген жағдайда – оны бекітуден бас тарту туралы дәлелді қаулының жобасын қалыптастырады және прокуратура органының басшысына қол қоюға береді, соңғысы қажет болған жағдайда қаулының мазмұнын түзете отырып, қаулы жобасы келіп түскен сәттен бастап 6 сағатқа дейінгі мерзімде оған ЭЦҚ-мен қол қояды.

Уәкілетті прокурор «Қадағалау» жүйесінде қылмыстық істі ҚСЖАЕК-нің аумақтық

басқармасының мұрағатына не НППШ-ны бекітуден бас тартқан жағдайда – сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жіберуді дереу ресімдейді.

Дереу, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей қабылданатын бекіту не бекітуден бас тарту туралы шешімдер бойынша уәкілетті не процесс прокурорлары:

- жұмыс уақыты ішінде прокуратура органының басшысынан мәнін тексеру үшін түсетін НППШ-ны СДТБТ-ның ақпараттық жүйесіндегі қадағалау журналынан тексеріп отыруы;

- жұмыс уақыты ішінде әр 3 сағат сайын СДТБТ-ның ақпараттық жүйесіндегі қадағалау журналына прокуратура органының басшысынан түсетін НППШ-ның мәніне тексеру жүргізуі;

- тапсырманы алған сәттен бастап 9 сағат ішінде қоса берілген материалдарды зерделей отырып, НППШ-ның заңдылығы мен негізділігін тексеруі қажет.

Уәкілетті прокурор:

- қабылданған НППШ-мен келіскен жағдайда – оны прокуратура органының басшысына бекіту үшін жібереді, соңғысы СДТБТ-дағы тиісті «БЕКІТЕМІН» белгішесін басады;

- қабылданған НППШ-мен келіспеген жағдайда – оны бекітуден бас тарту туралы дәлелді қаулының жобасын қалыптастырады және прокуратура органының басшысына қол қоюға береді, соңғысы қажет болған жағдайда қаулының мазмұнын түзете

отырып, қаулы жобасы келіп түскен сәттен бастап 6 сағатқа дейінгі мерзімде оған ЭЦҚ-мен қол қояды.

Уәкілетті прокурор «Қадағалау» жүйесінде:

- қылмыстық істі сотқа жолдауды;
- бекітуден бас тартқан жағдайда – анықтау немесе тергеу жүргізу үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жолдауды;

- ҚР ҚПК-нің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезде – ҚСЖАЕК аумақтық басқармасының мұрағатына жіберуді дереу ресімдейді.

3 тәулік ішінде қабылданатын бекіту не бекітуден бас тарту туралы шешімдер бойынша уәкілетті не процесс прокурорлары:

- жұмыс уақыты ішінде прокуратура органының басшысынан мәнін тексеру үшін түсетін НППШ-ны СДТБТ-ның ақпараттық жүйесіндегі қадағалау журналынан тексеріп отыруы;

- қоса берілген материалдарды зерделей отырып, НППШ-ның заңдылығы мен негізділігін тапсырманы алған сәттен бастап 24 сағат ішінде, ал күдікті ұсталған жағдайда дереу тексеруі қажет.

Уәкілетті прокурор:

- қабылданған НППШ-мен келіскен жағдайда – оны прокуратура органының басшысына бекіту үшін жібереді, соңғысы СДТБТ-дағы тиісті «БЕКІТЕМІН» белгішесін басады;

- қабылданған НППШ-мен келіспеген жағдайда – оны бекітуден бас тарту туралы дәлелді қаулының

жобасын қалыптастырады және прокуратура органының басшысына қол қоюға береді, соңғысы қажет болған жағдайда қаулының мазмұнын түзете отырып, қаулы жобасы келіп түскен сәттен бастап 6 сағатқа дейінгі мерзімде оған ЭЦҚ-мен қол қояды.

Уәкілетті прокурор «Қадағалау» жүйесінде қылмыстық істі сотқа жолдауды немесе НППШ-ны бекітуден бас тартқан жағдайда – анықтау немесе тергеу жүргізу үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына, ал ҚР ҚПК-нің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезде – ҚСЖАЕК аумақтық басқармасының мұрағатына жіберуді дереу ресімдейді.

### **4.3. Прокурордың процестік шешімдерді бекіту тәртібі**

Келісу немесе келісуден бас тарту туралы дереу, бірақ 24 сағаттан кешіктірілмей қабылданған шешімдер бойынша уәкілетті немесе процесс прокурорларына ұсынылады:

- жұмыс уақытында прокуратура органының басшысынан тексеру үшін келіп түскен процестік шешімдерді СДТБТ ақпараттық жүйесіндегі қадағалау журналын 3 сағат сайын тексеріп отыру;

- күдікті тұлға ұсталған, олар бойынша тексеру уақыты ұстау мерзімімен шектелген қылмыстық істерді қоспағанда, тапсырманы алғаннан бастап 9 сағат ішінде процестік шешімнің заңдылығы мен негізділігін (қажет болған жағдайда материалдарды сұрату арқылы) тексеру.

Қабылданатын шешім прокуратура басшысымен алдын ала келісіледі.

Қадағалау журналында жеке процестік шешімдерді келісу үшін лауазымды тұлға (прокурор/жауапты орындаушы) «Келісуге жіберу» қойындысына кіріп, қажетті қылмыстық істі табады және қабылданған шешімге байланысты оның материалдарын зерттегеннен кейін, тиісті түймені басады.

Шешім жауапты орындаушымен қабылданған жағдайда, «Қол қоюға жіберу» және «Бас тарту» түймелері көрінеді (№1 сурет).

## №1 сурет

ЖУРНАЛ НАДЗОРА

Пользователь:  Орган: 19  Номер ЕРДР  Поиск

Журнал согласования

Направить на подпись Отказать Иное решение Обновить

Фог	Номер ЕРДР/ КУИ	Решение	Ж/Ст/Со	Дата регистрации	Срок изучен
24	...	72-0103 ( ) Постановление о признании лица ...	Ж. н.	20.09.2024	0 дн. 0

Егер шешіммен келіскен жағдайда жауапты тұлға «Қол қоюға жіберу» түймесін басады, форма ашылғаннан кейін көрсетілген деректердің дұрыстығын тексереді және қайтадан «Қол қоюға жіберу» түймесін басады. Процестік құжатта «Құжатты дайындаған» деген аңыз көрсетіледі (№2 және 3-суреттер).

## №2 сурет

ЖУРНАЛ НАДЗОРА

Имя сервера: 05.09.2020 12:29:58 (Нур-Султан) QAZ KAZ RUS ТУРКМЕНИСТАН Выход

Материалы УД

Основные | Дополнительно

№: [ ] | Название документа: [ ] | Дата создания: 05.09.2020

Посмотреть в каталоге деловых документов

Предварительный просмотр

viewAttachment

1 / 3

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**  
о квалификации деяния подозреваемого

г.Павлозар 5 сентября 2020 года

Довзатель ОД УП г.Павлозар ДП Павлозарской области ЧУЖИКОВ Д.Д., рассмотрел материалы досудебного расследования №205500031000214.

**УСТАНОВИЛ:**

Сидоров Игорь, 01.01.1996 г.р., уроженец(ка) Республика Азербайджан совершил(а) уголовное правонарушение при следующих обстоятельствах:  
05.09.2020 г. в 09.00 с заявлением обратился г.р Петрова Ирина Алексеева, 1959 г.р., прож. ул. Мира, д.9, кв.4, о том, что 04.09.2020 г. в 09.00 Сидоров Игорь, 1996 г.р., обманным путем завладел личным имуществом (сотовый телефон) на сумму 350.000 тенге.

Учитывая, что действия подозреваемого(ой) Сидоров Игорь подпадают под квалифицирующие признаки ст.190 ч.1 УК РК,

руководствуясь ст.ст.60, 63, 64, 198, 203 и 204 УПК РК,

Ис - Единый реестр судебных постановлений

Направить на подпись | Закрыть | Печать

№№: 20.8.28.1 (4194) | IP адреса: 102.100.198.71

Открыть тек.подпись

## №3 сурет

ЖУРНАЛ НАДЗОРА

Имя сервера: 05.09.2020 12:30:02 (Нур-Султан) QAZ KAZ RUS ТУРКМЕНИСТАН Выход

Пользователь: [ ] | Отдел: 19551001 | Промежуток хранения: Номер ERP: [ ]

Текущий год

Не назначены прокурорские постановления на подпись, поступившие на утверждение не приняты в производстве, прерванные сроки прерванные сроки прерванные сроки направления прокурору, направление в суд, отклонение судом в рег. приобщение, Архив, Пройденные года, прерванные сроки прерванные сроки, отклонение судом в рег. Архив, Уведомления, Ходатайства [0], Ходатайства прош.лет, Уведомления о принятии, Уведомления о прерывании, Уведомления о передаче, Уведомления об оправде, Просроченные УД [1030]

жалоба

На рассмотрении [0]

На согласовании [0]

На доработку [0]

Списки

На согласовании [3]

Согласовано

Отказано

на доработку

Поступившие

на согласование

на утверждение

на подтверждение

на подписание

Список УД

Ф-И	Номер ERP / Решение	Дата регистрации
1	20560031000210	05.09.2020
2	20560031000217	05.09.2020
3	20560031000214	05.09.2020
ПРОСРОЧЕННЫЕ ДОСУДЕБНЫЕ РАССЛЕДОВАНИЯ		
1	20560031000213	05.09.2020
2	20560031000180	28.08.2020
3	20560031000184	28.08.2020
4	20560031000151	28.08.2020
5	20560031000146	28.08.2020
6	20560031000139	18.08.2020
7	20560031000114	18.08.2020
8	20560031000112	18.08.2020
9	20560031000111	18.08.2020
10	20560031000098	17.08.2020
11	20560031000092	17.08.2020
12	20560031000081	17.08.2020
13	20560031000080	16.08.2020
14	20560031000061	13.08.2020

Просмотр документов

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**  
о квалификации деяния подозреваемого

г.Павлозар 5 сентября 2020 года

Довзатель ОД УП г.Павлозар ДП Павлозарской области ЧУЖИКОВ Д.Д., рассмотрел материалы досудебного расследования №205500031000214.

**УСТАНОВИЛ:**

Сидоров Игорь, 01.01.1996 г.р., уроженец(ка) Республика Азербайджан совершил(а) уголовное правонарушение при следующих обстоятельствах:  
05.09.2020 г. в 09.00 с заявлением обратился г.р Петрова Ирина Алексеева, 1959 г.р., прож. ул. Мира, д.9, кв.4, о том, что 04.09.2020 г. в 09.00 Сидоров Игорь, 1996 г.р., обманным путем завладел личным имуществом (сотовый телефон) на сумму 350.000 тенге.

Учитывая, что действия подозреваемого(ой) Сидоров Игорь подпадают под квалифицирующие признаки ст.190 ч.1 УК РК,

руководствуясь ст.ст.60, 63, 64, 198, 203 и 204 УПК РК,

**ПОСТАНОВИЛ:**

1. Квалифицировать деяние подозреваемого(ой) Сидоров Игорь, 01.01.1996 г.р., уроженца(ки) Республика Азербайджан по настоящему уголовному делу по ст.190 ч.1 УК РК, то есть Мошенничество.
2. Копию настоящего постановления направить надзирающему прокурору.
3. О принятом решении уведомить заинтересованных лиц.

Довзатель ОД УП г.Павлозар ДП Павлозарской области ЧУЖИКОВ Д.Д.

Ис - Единый реестр судебных постановлений


Направить на подпись | Закрыть | Печать

№№: 20.8.28.1 (4194) | IP адреса: 102.100.198.71

Открыть тек.подпись

Шешіммен келісу үшін прокурор сонымен қатар «Қадағалау журналы» қойындысына кіріп, «Келісуге жіберу» папкасынан қажетті істі тауып алып, «Келісемін» деген түймені басуы қажет (№4 сурет).


№4 сурет



Процестік құжатта «Құжатпен келісті» деген аңыз шығады (№5 сурет).




## №6 сурет




Қажетті деректердің және процестік құжаттың үлгісін толтырғаннан кейін «Қол қою және сақтау» түймесін басу керек (№7 сурет).

## №7 сурет




Жауапты орындаушы іс материалдарын зерттегеннен кейін қылмыстық қудалау органының шешімін жою қажет деп санаған жағдайда, «Қадағалау журналына» кіру арқылы «Келісуге жіберу» қойындысындағы қажетті істі басады. «Қол қоюға жіберу» және «Бас тарту» түймелері пайда болғаннан кейін «Бас тарту» түймесін басады (№8 сурет).

№8 сурет




СДТБТ жүйесінде шешімнің күшін жою үшін ЭАЕҚ автоматты түрде ашылады және процестік құжат қалыптасады (№9 сурет).

## №9 сурет




Қажетті деректер жолдарын және процестік құжаттың үлгісін толтырғаннан кейін «Қол қою және сақтау» түймесін басу керек (№10 сурет).

## №10 сурет



Бұл шешімге қол қою үшін прокурор «Қадағалау журналына» кіріп, «Қол қоюға түскен» папкасындағы қажетті істі тауып, «Қол қою» түймесін басуы керек (№11 сурет).

№11 сурет



ЭАЕК ашылғаннан соң, «Қол қою» түймесін басу қажет (№12 сурет).

## №12 сурет


The screenshot displays a web-based form for entering case information. The form includes the following fields and values:

- 1. Номер ЕРДР: 205500031000216
- 1.1. Номер основного ЕРДР: 205500031000216
- \*2. Орган расследования: 193550003 (ДП Павлодарской области)
- \*3. Форма досудебного расследования: **судебные**
- 3.1. Ведение досудебного расследования: **в бумажном формате**
- 8. Гражданство: **гражданин СНГ**
- 4. ИИН: [blank]
- \*4.1. Фамилия: СИДОРОВ
- 4.2. Имя: ИГОРЬ
- 4.3. Отчество: [blank]
- \*5. Дата рождения: 01.01.1996
- \*5.1. Возраст на момент совершения: 24
- 6. Пол: **мужской**
- \*7. Место рождения, Страна: Республика Азербайджан
- Район: [blank]
- Населенный пункт: [blank]
- 8.1. Гражданство иностранца: **Азербайджан**
- 9. Национальность: **Азербайджанец**
- 10. Документ, удостоверяющий личность: [blank]
- 11. Образование: **высшее**

At the bottom of the form, there are three buttons: **Подписать** (highlighted with a red box and a red arrow), **Закрыть**, and **Печать**. A small link [Область Help](#) is also visible.


Қадағалау журналында жеке процестік шешімдерді бекіту үшін лауазымды тұлға (прокурор/жауапты орындаушы) «Бекітуге түскен» қойындысына кіріп, қажетті қылмыстық істі табады және қабылданған шешімге байланысты оның материалдарын зерттегеннен кейін тиісті түймені басады. Келісу функционалы секілді шешімді бекіту кезінде де жауапты орындаушыда «Қол қоюға жіберу» және «Бас тарту» түймелері көрінеді (№13 сурет).

# №13 сурет



«Қадағалау журналындағы» шешімдерді бекіту процедурасы келісу процедурасына ұқсас, айырмашылық тек процестік құжаттағы папкалардың және аңыздардың атауында ғана (№14 сурет).

# №14 сурет



## **5. ҚР ҚПК-нің 300-бабы тәртібінде келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдері**

ҚР ҚПК-нің 39-тарауының баптарын талдау – заң шығарушының айыптау актісімен немесе есеппен келіп түскен қылмыстық істер бойынша прокурордың іс-әрекеттері мен шешім қабылдауының белгілі бір логикалық тәртібін белгілегенін көрсетеді.

ҚР ҚПК-нің 39-тарауының талаптарына сәйкес прокурор немен айналысуы керек дейтін болсақ, ең бірінші және бастысы іс материалдарын зерделеуге кірісуі керек. Осы іс-әрекет барысында прокурор ҚР ҚПК-нің 301-бабында айқындалған тізбедегі мәселелерді шешеді. Бұл мәселелер бапта көрсетілгендей қатаң реттілікпен шешілуі керек.

Осыдан кейін ғана прокурор ҚР ҚПК-нің 302-бабына жүгінеді және мәселелерді шешу нәтижелері бойынша шешім қабылдайды.

Егер прокурор қылмыстық істі мәні бойынша қарау үшін сотқа жіберу туралы шешім қабылдаса, онда ол ҚР ҚПК-нің 304-бабында, содан кейін 305-бабында көзделген іс-қимылдарға кіріседі.

## **6. Прокурордың айыптау актісін жасақтау ерекшеліктері**

Бұл бөлімде ҚР ҚПК-нің 302-1-бабында айтылмаған бірқатар мән-жайларды талқылау ұсынылады, бірақ оларды көрсету және айыптау актісінің мазмұнында баяндау міндетті болып саналады. Сонымен қатар, айыптау актісінде көрсетілуге тиісті кейбір мәліметтердің мәнін түсіну қажет. Жоғарыда айтылғандар бірыңғай құқық қолдану практикасының болмауынан туындайды және проблемалық сұрақтар туғызады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың әртүрлі түрлері бойынша айыптау актісін жасақтау ерекшеліктері негізінен сипаттау-уәждеу бөлігінде, атап айтқанда, айыптаудың мәнін, оның тәсілдерін, себептерін, салдарын және басқа да маңызды жағдайларды баяндау кезінде орын алуы мүмкін.

Айыптау актісін жасақтау кезінде жол берілетін, басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық процестік заңды елеулі бұзушылықтар.

Қазіргі уақытта процестік заңның талаптарына сәйкес келмейтін айыптау актілерін жасақтау фактілеріне жол берілу жалғасын табуда.

Сондықтан оны жасақтау кезінде басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін және соттың істі ҚР ҚПК-нің 323-бабының тәртібімен прокурорға қайтаруына негіз болатын қылмыстық

процестік заңнаманың нақты қандай бұзушылықтары елеулі деп танылуы мүмкін екенін білу қажет.

Айыптаудың мәнінің, яғни жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың уақытының, орнының, оның тәсілінің, себебінің, салдарының, саралануының және істің өзге де мән-жайларының баяндалуына өте мұқият қарау керек.

Айыптау актісінің бұл бөлімі сипаттау-уәждеу бөлігінде бірінші болып табылады және сотта тағылған айыптаудың мәнін қалыптастыру үшін платформа ретінде қызмет етеді. ҚР ҚПК-нің 364-бабының бірінші бөлігіне сәйкес сот тергеуі мемлекеттік айыптаушының сотталушыға тағылған айыптың мәнін баяндаудан басталады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №10 нормативтік қаулысының<sup>1</sup> 24-тармағының, ҚР ҚПК-нің 299-бабының (ескі редакциядағы), сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 302-1-бабының талаптарына сәйкес, қылмыстық процестік заңнаманың елеулі бұзушылықтары болып айыптау актісінде жасалған

---

<sup>1</sup> «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №10 нормативтік қаулысы, <http://10.61.42.188/kaz/docs/P170000010S>

қылмыстық құқық бұзушылықтың оқиғасы (айыптаудың мәні), уақыты, орны, оның тәсілі, уәжі, салдары, саралануы және өзге де мән-жайлары туралы мәліметтердің жазылмауы табылады.

Бұл ретте, егер айыптау актісінде баяндалған айыптау күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда баяндалған айыптауға сәйкес келмесе, онда бұл қылмыстық істі ҚР ҚПК-нің 323-бабының тәртібімен прокурорға қайтару үшін негіз болып табылатынын білу қажет.

Айыптау актісін жасау кезінде мынадай талаптарды сақтау міндетті, оларды орындамау елеулі бұзушылықтар орын алды деп тануға әкеп соғады:

- адам қылмыстық заңның әртүрлі баптарында, бөліктерінде немесе тармақтарында көзделген бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деп айыпталған кезде айыптау актісінде осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрқайсысы жеке сараланып көрсетілуге тиіс немесе бір қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп бірнеше адам айыпталған кезде айыптау актісінде қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы әрбір айыпталушыға қатысты көрсетіледі;

- бұл актіге оны жасаған адам қол қоюы керек. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру, ЖТТ тергеу жүргізген кезде айыптау актісін топ басшысы жасайтынын және оған қол қоятынын ескеру керек;

- айып тағылған барлық адамдар көрсетілуі тиіс;

- күдіктінің сауалнамалық деректерін жазу кезінде қателіктер жібермеу қажет;

- күдіктенетін адамға қатысты қылмыстық заңның нақты бабын, бөлігін және баптың тармағын көрсету керек;

- іс материалдары тізімінің, сотқа шақырылуға жататын адамдардың (ҚР ҚПК-нің 97-бабының тәртібімен бүркеншік атпен жауап алынған адамдардан және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдардан басқа) тұрғылықты мекенжайлары көрсетілген тізімінің болуы міндетті;

- күзетпен ұстауда отырған күдікті адамның жеке басын куәландыратын құжатты айыптау актісімен қылмыстық іске тіркеу қажет;

- айыпталушыға айыптау актісін оның құқықтарын міндетті түрде түсіндіре отырып табыстау және айыптау актісін айыпталушының алғаны туралы қолхатты іске қоса тігу керек.

Бұл нормативтік қаулы сотқа келіп түскен істерге арналғанымен, оның түсіндірмелері ҚР ҚПК-нің 302-1-бабының тәртібімен прокурор жасайтын айыптау актісінің мазмұнына да қолданылады.

## 6.1. «WEB СДТБТ» ақпараттық жүйесінде прокурордың айыптау актісін жасау тәртібі

«WEB СДТБТ» ақпараттық жүйесінде тергеуші сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы туралы есеп жасағаннан кейін іс «Қадағалау журналы» бөліміндегі «Прокурорға жолданғандары» және «Прокурорға түскендері» папкасына келіп түседі, ал Е-2 нысаны алдымен Кеңсе журналына өтеді (№15 сурет).

№15 сурет

Текущий год  
Не назначенные прокурору  
поступившие на подпись  
не принятые в производство  
превышенные сроки  
превышенные  
направленные прокурору  
направленные в суд  
оплаченные судом в рег  
приобретенные  
Архив  
Прошлые года  
Уведомления  
Жалоба  
Согласия  
Поступившие [26]  
на согласование [0]  
на утверждение [3]  
в канцелярии [2]  
на подписание [0]  
на изучение перед согла  
на изучение перед утвер

Журнал согласования

Фол	Номер ЕПДР/КУИ	Решение	Жюри	Статус	Со	Дата регистрации	Срок изучения
2071103090178	Е2-5015 (9000262493)		ЖЕН	на изучение...		30.12.2020	399 дн. 18 ч.
2071103090020	ПД-0111 (ПТРАФ ПД)		ЖЕН	на изучение...		24.11.2020	372 дн. 20 ч.
2071103090002	ПД-0111 (ТЕСТОВ ТЕСТ)		ЖЕН	на изучение...		24.11.2020	372 дн. 20 ч.
2071103090008	ПД-0111 (ТЕСТОВ ТЕСТ)		ЖЕН	на изучение...		24.11.2020	396 дн. 18 ч.
2071103090008	Е2-5015 (90002621954)		ЖЕН	на изучение...		24.11.2020	366 дн. 14 ч.
2071103090008	ПД-0111 (Черный ПД)		ЖЕН	на утверждении...		15.12.2020	369 дн. 18 ч.
2071103090060	Е2-5015 (90002622969)		ЖЕН	на изучение...		15.12.2020	379 дн. 22 ч.
2071103090061	Е2-5015 (90002623067)		ЖЕН	на изучение...		15.12.2020	372 дн. 20 ч.
2071103090071	ПД-0111 (ПДСОЗРЕВАЕ)		ЖЕН	на изучение...		15.12.2020	94 дн. 19 ч.
2071103090075	Е2-5015 (90002623221)		ЖЕН	на податресе...		15.12.2020	
2071103090097	Е2-5080 (90002623617)		ЖЕН	на изучение...		22.12.2020	362 дн. 20 ч.
2071103090098	ПД-0111 (ЧЕРКОВ ИЕР)		ЖЕН	на изучение...		22.12.2020	367 дн. 2 ч.
20711030900128	ПД-0124 (Иванов ИВ)		ЖЕН	на изучение...		12.01.2021	341 дн. 22 ч.
2071103090138	Е2-5080 (90002623958)		ЖЕН	на изучение...		18.02.2021	305 дн. 2 ч.
20711030900096	Е2-5080 (90002626294)		ЖЕН	на изучение...		18.02.2021	299 дн. 17 ч.
21711030900003	Е2-5080 (90002623957)		ЖЕН	на изучение...		18.02.2021	305 дн. 2 ч.
21711030900012	Е2-4010 (90002638792)		ЖЕН	на изучение...		22.08.2021	88 дн. 22 ч.
21711030900012	Е2-4010 (90002638791)		ЖЕН	на изучение...		22.08.2021	88 дн. 22 ч.
21711030900017	ПД-0103 (ИМ Вил, 90)		ЖЕН	на изучение...		21.01.2021	332 дн. 21 ч.
21711030900021	Е2-7080 (90002626842)		ЖЕН	на податресе...		29.01.2021	
21711030900022	Е2-4010 (90002638798)		ЖЕН	на изучение...		22.08.2021	88 дн. 22 ч.
21711030900022	Е2-4010 (90002638789)		ЖЕН	на изучение...		22.08.2021	88 дн. 22 ч.
21711030900033	ПД-0111 (УСАД-ИМО)		ЖЕН	на утверждении...		15.12.2021	15 дн. 2 ч.
21711030900049	ПД-0111 (КАРГОИ ВИА)		ЖЕН	на изучение...		01.07.2021	172 дн. 4 ч.
21711030900050	ПД-0111 (КАРГОИ ВИА)		ЖЕН	на изучение...		01.07.2021	172 дн. 4 ч.


Материалы УД [Просмотр документа](#)  
Нет данных

Файлы

И: 21.12.71 (4217) IP address: 192.168.199.71




## №17 сурет



Айыптау актісін жасау үшін «Бекітілсін» түймесін басу керек. Сондай-ақ, 55-деректемедегі 6018-шешімді («Айыптау актісінің прокурормен жасалуы») көрсету арқылы шешім алдымен Л-2 нысанында қабылданады (№18 сурет).

## №18 сурет



Л-2 нысанын сақтаған соң дәл осындай жолмен Е-2 нысанындағы шешім қабылданады (№19 сурет).

## №19 сурет

Процессуальный документ | Редакция (ЭДР) | Внесение (СС)

Процессуальный документ | Редакция (ЭДР) | Внесение (СС) | Дата сохранения черновика: 20 декабря 2021 года

**ОБВИНТЕЛЬНОЕ АКТО**

г.Нур-Султан  
Заместитель прокурора района «Алматы» г.Нур-Султан

Клабуева А.С. в помещении кабинета № \_\_\_\_\_  
Прокуратура района Алматы города Нур-Султан

рассмотрев материалы уголовного дела №21/111031000033 от 8 февраля 2021 года  
с соблюдением требований ст.ст.58, 193 ч.1 п.16, 301, 302 ч.1 п.1, 302-1 УПК РК,  
составил обвинительный акт по обвинению:

- Усаченко Роман Павлович, 06.03.2005 г.р., уроженец Республики Казахстан

07.02.2021г. с завязанием обратилст г.р. Павлова Е.Т. 1986г.р. прож. мкр. Алтай-1, д.5, кв.43, в отношении имущества которое в период времени с 23.50ч. 07.02.21г. по 00.10ч. возмж д.6, расположенном по ул. Ауэзова, 2/1 тайно похитили сотовый телефон марки "Xiaomi-9" ущерб 80тыс. тенге


Подписать и Сопроводить | Закрыть | Отобразить

Айыптау актісін жасаумен бір мезгілде прокурор бұлтартпау шарасының мәселесін шешеді, ол дәлелді қаулымен күдіктіге қатысты бұрын таңдалған бұлтартпау шарасының күшін жоюға не оны өзгертуге немесе қолданылмаған жағдайда бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы.

Бұл ретте ол ҚПК-нің сәйкесінше 145, 146, 147, 152 және 153-баптарын басшылыққа алуы тиіс.

4.2-деректемедегі айыптау актісі мен соттың атауын толтырғаннан кейін жүйедегі Е-2 нысанына қол қойып, оны сақтау қажет (№20 сурет).

# №20 сурет



## 7. Мемлекеттік айыптаушының басты сот талқылауындағы әрекеттері

Сот тергеуі – басты сот талқылауының ең негізгі бөлігі болып табылады.

«Жекеше айыптау істерін қоспағанда, прокурордың мемлекеттік айыптаушы ретінде басты сот талқылауына қатысуы міндетті».

Күрделі және көп эпизодты істер бойынша мемлекеттік айыптауды бірнеше прокурор қолдауы мүмкін.

«Егер сот талқылауы кезінде прокурордың одан әрі қатысуға мүмкіндігі жоқтығы анықталса, ол алмастырылуы мүмкін. Іске жаңа прокурордың кірісуі осы уақытқа дейін сотта жасалған әрекеттерді қайталауға әкеп соқпайды, бірақ прокурордың өтінішхаты бойынша сот оған істің материалдарымен танысу үшін уақыт бере алады»<sup>2</sup> (ҚПК-нің 337-бабының 3-бөлігі).

Прокурор дәлелдемелерді ұсынады және оларды зерттеуге қатысады, сотқа айыптаудың мәні бойынша, сондай-ақ сот талқылауы кезінде туындаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін баяндайды, сотқа қылмыстық заңды қолдану және сотталушыға жаза тағайындау туралы ұсыныс айтады.

---

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

Прокурор, егер азаматтардың құқықтарын, мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді қорғау осыны талап етсе, іс бойынша азаматтық талап қояды немесе қойылған азаматтық талапты қолдайды.

ҚР ҚПК-нің 337-бабының 6-бөлігіне сәйкес «прокурор айыптауды қолдай отырып, заң талаптарын және істің барлық мән-жайларының қаралу нәтижелеріне негізделген өзінің ішкі сенімін басшылыққа алады. Прокурор айыптауды өзгерте алады. Прокурор, егер айыптау сот талқылауында қолдау таппады деген түйінге келсе, айыптаудан (толық немесе ішінара) бас тартуға міндетті. Сот тергеуі немесе сот жарыссөзі кезінде мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына жол беріледі»<sup>3</sup>.

«Прокурор айыптаудан толық бас тартқан жағдайда, егер айыптаудан жәбірленуші де бас тартса, сот өз қаулысымен істі тоқтатады. Егер жәбірленуші айыптауды талап етсе, сот талқылауды жалғастырып, істі жалпы тәртіппен шешеді. Бұл жағдайда прокурор процеске одан әрі қатысудан босатылады, ал айыптауды жәбірленушінің өзі немесе өкілі арқылы қолдайды. Жәбірленушінің өтінішхаты бойынша сот оған өкіл шақыру үшін уақыт беруге тиіс. Прокурор мен жекеше

---

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

айыптаушы айыптаудан ішінара бас тартқан кезде сот істі айыптаушы тараптың айыптаудан бас тартқан бөлігінде тоқтатады, іс айыптаудың қалған бөлігінде жалпы тәртіппен қаралады. Егер прокурор айыптауды өзгертсе және жәбірленуші бұрынғы айыптауды табанды түрде қорғамаса, сот істі жаңа айыптау бойынша қарайды»<sup>4</sup> (ҚПК-нің 337-бабының 7-бөлігі).

ҚР ҚПК-де көзделген жағдайларда прокурор сотталушымен процестік келісім жасасуға құқылы. ҚР ҚК-нің 68-бабының 3-бөлігінде көрсетілген мән-жайлар болған кезде прокурор қылмыстық істі тоқтату туралы өтінішхат беруге құқылы.

ҚР ҚПК-нің 340-бабының 2-бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, басты сот талқылауы тек сотталушыға қатысты және оның сотқа берілген айыптау шектерінде ғана жүргізіледі.

Егер айыптауды өзгерту айыпталушының қорғалу құқығын бұзбаса, айыптауды өзгертуге жол беріледі.

ҚР ҚПК-нің 340-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес «егер басты сот талқылауы барысында қаралып отырған істі басқа қылмыстық іспен біріктіру, егер басқа адамдардың әрекеттері қаралып жатқан іспен байланысты болса және оларға қатысты істі бөлек қарау мүмкін болмаса,

---

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

басқа адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту қажеттігі туындаса, сот айыптаушы тараптың өтінішхаты бойынша, процестің басқа қатысушыларының пікірін ескере отырып, істі қарауда үзіліс жасайды және ҚР ҚПК-нің 321-бабында көзделген тәртіппен алдын ала тыңдауды өткізеді»<sup>5</sup>.

Алдын ала тыңдауда қарастырылып жатқан қылмыстық істі жаңадан келіп түскен іспен біріктірген кезде сот прокурорға жаңа айыптау актісін, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру хаттамасын, айыптау хаттамасын жасау үшін уақыт береді.

Егер басты сот талқылауы барысында сотталушыға неғұрлым ауыр немесе бастапқыдан ерекшеленетін айыптау тағу қажеттігі туындаса, сот істі қарауды кейінге қалдырып, прокурорға жаңа айыптау актісін, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру хаттамасын, айыптау хаттамасын жасау үшін уақыт береді.

Біріктірілген іс бойынша сот ісін жүргізу ҚР ҚПК-нің 7-бөлімінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Сот жаңа айыптау актісі, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру хаттамасы, айыптау хаттамасы жасалғанға дейін зерттеген дәлелдемелерді қайтадан зерттеу сот осындай

---

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

қажеттілік бар деп таныған жағдайда жүзеге асырылады.

Сот тергеуі толық немесе қысқартылған тәртіппен жүзеге асырылады және айыптаушының – сотталушыға таққан айыбының мәнін баяндауынан басталады.

Айыптаудың көлеміне байланысты прокурор айыптау актісінде көрсетілген тұжырымдарды қысқартуы мүмкін, бірақ ешбір жағдайда олардың мазмұнын бұрмаламауы тиіс.

«Айыптау ауырлығы төмендеу түріне өзгертілген немесе айыптаудың бір бөлігінен бас тартылған жағдайда, айыптаушы сотқа айыптаудың жаңа уәжді тұжырымдалуын жазбаша түрде баяндауға міндетті. Айыптаушы айыптаудың мәнін баяндап болған соң сотқа процестік келісім жасасу ниеті туралы мәлімдеуге құқылы»<sup>6</sup> (ҚПК-нің 364-бабының 2-бөлігі).

Бірінші болып айыптау тарапы дәлелдемелер ұсынады. Дәлелдемелерді зерттеу тәртібін сот тараптардың келісімі бойынша айқындайды. Дәлелдемелерді зерттеу тәртібін белгілеу немесе өзгерту мәселелері бойынша сот қаулы шығарады.

Сот тергеуі басталғанға дейін де прокурор өзінің айыптау тактикасын құрып, дәлелдемелерді

---

<sup>6</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

зерттеу тәртібі туралы сотқа уәжді ұсыныс жасауы керек.

Сотқа дейінгі кезеңде жауаптары алынған жәбірленушілердің, куәлардың, күдіктілердің айғақтары негізгі дәлелдемелер болып табылады.

ҚР ҚПК-нің 370-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес «куәдан айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сотталушы және оның қорғаушысы жауап алады. Бірінші болып өтінішхаты бойынша сот отырысына осы куәны шақырған тарап сұрақтар қояды. Төрағалық етуші куәға одан тараптар жауап алып болғаннан кейін сұрақтар қояды»<sup>7</sup>.

Жауап алу процесінде жауап алынған адамдардың айғақтарын сол жерде жағдайды бағдарлау, істің барлық мән-жайларын анықтау және оларға сұрақтарды дұрыс қою үшін жазып алу қажет.

Мемлекеттік айыптаушы айыптау дәлелдемелерінің зерттелуін көрсетілген өтінішхат қозғалған кезге қаралған дәлелдемелермен шектеу туралы өтінішхат беруге құқылы. Сот тараптардың пікірлерін тыңдап, бұл өтінішхатты қанағаттандыруға құқылы.

---

<sup>7</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

ҚР ҚПК-нің 383-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес «сот жарыссөзі айыптаушының, жәбірленушінің немесе оның өкілінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің, сотталушының және қорғаушының сөздерінен тұрады. Процестік келісім немесе медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасалған істер бойынша қысқартылған сот тергеуі кезінде сот жарыссөзі жүргізілмейді. Процеске қатысушылардың сөз сөйлеу ретін олардың ұсыныстары бойынша сот белгілейді, бірақ барлық жағдайда да бірінші болып айыптаушы сөз сөйлейді»<sup>8</sup>.

Егер мемлекеттік айыптауды бірнеше мемлекеттік айыптаушы қолдаса, іске бірнеше жәбірленуші, қорғаушы, азаматтық жауапкер мен олардың өкілдері, азаматтық талапкерлер мен олардың өкілдері, сотталушылар қатысса, төрағалық етуші сөз сөйлеу кезектілігін өзара келісуі үшін оларға уақыт береді. Одан соң реплика мен соңғы сөз сөйлеу кезеңдері өткізіледі.

Үкім жарияланғаннан кейін – бес тәуліктен кешіктірмей, ал көлемі үлкен болған кезде он бес тәуліктен кешіктірмей оның көшірмесі сотталған адамға немесе ақталған адамға, қорғаушы мен айыптаушыға табыс етілуге тиіс.

---

<sup>8</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

ҚР ҚПК-нің 414-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкес «апелляциялық тәртіппен сот актісін қайта қарау туралы прокурордың апелляциялық өтінішхатын істі қарауға мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысқан прокурор келтіруі мүмкін. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар және олардың орынбасарлары, аудандардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар өздерінің құзыреті шегінде істі қарауға қатысу-қатыспауына қарамастан, үкімді, қаулыны қайта қарау туралы прокурордың апелляциялық өтінішхатын келтіруі мүмкін»<sup>9</sup>.

Мемлекеттік айыптауды қолдау – прокурордың көпшілік алдындағы жариялы қызметі.

Мемлекеттік айыптаушының кәсіби этика нормаларын сақтауы аса маңызды болып табылады.

Қосымша: тренинг өткізу сценарийі.

---

<sup>9</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

**«ҚАСАҚАНА АДАМ ӨЛТІРУ ҚЫЛМЫСТАРЫН ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУГЕ ЖӘНЕ  
СОТТА МЕМЛЕКЕТТІК АЙЫПТАУДЫ ҚОЛДАУҒА ПРОЦЕСТІК БАСШЫЛЫҚ ЕТУ»  
ТРЕНИНГІН ӨТКІЗУДІҢ СЦЕНАРИЙ**

**ҚЫЛМЫСТЫҢ ФАБУЛАСЫ**

Полиция басқармасының кезекші бөліміне зорлық-зомбылықпен өлім белгілері бар мәйіт табылғаны туралы хабарлама келіп түскен. Факт расталған. Хабарламаны алған қадағалаушы прокурор оқиға орнына барған. Кейіннен облыс прокурорының тапсырмасы бойынша қоғамдық резонанс тудырған қасақана кісі өлтіру бойынша қылмыстық істі тергеу үшін арнайы прокурордың жетекшілігімен жедел тергеу тобы құрылып, процестік прокурорлар тобы анықталған.

**ТРЕНИНГТІҢ 1-КҮНІ**

<b>Ұйымдастырушының іс-әрекеттері</b>	<b>Қатысушылардың іс-әрекеттері</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Тренингтің міндеттері</b>
Тыңдаушыларға тренинг өткізу тәртібін түсіндіріп, оларды 2 топқа (әрқайсысы бір қылмыстық іспен айналысады) бөліп, оқу аудиториясының әртүрлі бөліктеріне орналастыру	Тренингтің шарттарымен танысу, оны өткізудің мерзімдеріне назар аудару (11 күн – 59 сағат сотқа дейінгі кезең + 7 сағат сот процесі). Әрбір топ шартты түрде ЖТТ	09:10-10:00	Қолданыстағы заңнаманы, бұйрықтарды, Нұсқаулықтарды ескере отырып, берілген фабула мен сценарий

<p>керек. Компьютерлік жабдықты дайындау қажет.</p>	<p>мүшелеріне бөлінеді: топ жетекшісі, арнайы прокурорлар, тергеушілер; процестік прокурорлар тобы.</p>		<p>бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді белгіленген мерзімде жүргізу және аяқтау. Қылмыстық істің макетін жинау, айыптау актісін жасақтау. Мемлекеттік айыптауды қолдау.</p>
<p>Әр топты аудиторияға жинап, оларға оқиға орнын қарап тексеру хаттамасын, фотокестені бірінші ақпарат ретінде беру.</p>	<p>Алынған ақпаратты мұқият зерттеу. Бұл фактіні СДТБТ-ға тіркеп, хабарлама дайындау. Процесс прокурорлары арнайы хабарлама, процесс прокурорлары тобын айқындау туралы қаулы, іс бойынша</p>	<p>10:10-13:00</p>	<p>Тергеп-тексерудің бастапқы кезеңінде шұғыл тергеп-тексеру іс-шараларының тәртібін, реттілігін және қадағалауды ұйымдастыруды үйрету.</p>

	<p>нұсқаулар дайындауы керек.</p> <p>ЖТТ осы топты құру туралы, ЖТТ-мен істі өз өндірісіне қабылдау туралы қаулылар шығару, оқиға орнын қарап тексерудің нәтижелерін топта талқылау, осыларды ескере отырып, тергеу жоспарын және бірінші кезектегі тергеу әрекеттерін жасау туралы шешім қабылдау қажет.</p>		
		13:00-14:30	
<p>Әр топтың іс-әрекетін мұқият қадағалап, ЖТТ және процесс прокурорларының әрекеттерін түзету.</p>	<p>Жоспарланған іс-шараларды орындауды жалғастыру. Іс бойынша сот ісін жүргізу тілін белгілеу. Өлімнің себебін және денедегі</p>	14:30-15:20	<p>Тергеу шараларын дұрыс ұйымдастыру.</p>

	жарақаттарды анықтау үшін сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулылар мен сұрату хаттарын дайындау.		
Әр топты жинап, олардың атқарған жұмыстары туралы есебін тыңдау, проблемалық мәселелерді талқылау.	Күні бойына алынған нәтижелерді қорытындылау, келесі күнге іс-шаралар жоспарын жасау, тренингті ұйымдастырушыға атқарылған жұмыстар туралы есеп беру, проблемалық мәселелерді талқылау.	15:30-16:20	Айқын қателерді анықтау, қажет болған жағдайда жұмысқа бағыт беру, топтардың және әрбір қатысушының күнделікті жұмысын бағалау.
<b>ТРЕНИНГТІҢ 2-КҮНІ</b>			
<b>Ұйымдастырушының іс-әрекеттері</b>	<b>Қатысушылардың іс-әрекеттері</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Тренингтің міндеттері</b>
Әр топты жинап, сот-	Алынған ақпаратты	09:10-	Тергеу шаралары

<p>медициналық сараптаманың қорытындысын, жәбірленуші туралы мәліметтерді беру, куәлар мен куәгерлердің айғақтары, қылмысқа қатысы бар адамның айғақтары, жасалған қылмысқа қатысты басқа да мәліметтер туралы қосымша ақпарат беру.</p> <p><b>Тындаушыларға сұрау салу, сараптама тағайындау, сұрақтар қойылу арқылы жауап алу жоспары келіп түскен жағдайда беріледі!</b></p>	<p>мұқият зерделеу, тергеу әрекеттерін жүргізудің жоспарын түзету, куәлардан жауап алу жоспарын жасау.</p> <p>Тұлғаны жәбірленуші деп тану туралы, күдікті деп тану туралы қаулылар шығару, мәліметтерді жария етпеу туралы қолхат алу, адвокаттар алқасына қорғаушы жіберу туралы сұрату хатын дайындау, қорғаушы тағайындау туралы қаулы шығару, криминалдық полицияға ЖШ жүргізу бойынша жеке тапсырма беру.</p> <p>Процесс прокурорлары топтары – тұлғаны күдікті</p>	<p>13:00</p>	<p>мен қадағалауды дұрыс ұйымдастыру.</p>
---	---	--------------	---

	деп танумен келісу.		
		13:00-14:30	
		13:00-14:30	
Қылмыстық істі тергеу топтарының әрекеттерін түзету және жасалған процестік құжаттарды талдау.	Алынған мәліметтерді ескере отырып, ЖТТ-ның өкілдері мен процесс прокурорларының жүргізілген және жоспарланған іс-әрекеттер туралы баяндамасы.	14:30-16:20	Қателерді табу, жұмыс бағытын түзету, топтардың және әрбір қатысушының күнделікті жұмысын бағалау.
<b>ТРЕНИНГТІҢ 3-КҮНІ</b>			
<b>Ұйымдастырушының іс-әрекеттері</b>	<b>Қатысушылардың іс-әрекеттері</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Тренингтің міндеттері</b>
Топтарды жинап, оларға күдіктіден, куәлардан жауап алу хаттамасы туралы қосымша ақпарат беру. Күдіктіге қатысты мәліметтер. <b>Сұрау салу түскен жағдайда беріледі!</b>	ҚР ҚПК-нің 128-131-баптарының тәртібімен күдіктіні ұстау туралы хаттама жасақтау. ҚР ҚПК-нің 17-тарауында көзделген шараларды жүзеге асыру.	09:10-11:00	Тергеу шаралары мен қадағалауды дұрыс ұйымдастыру.

<p>Күдікті ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды, азаматтардың конституциялық құқықтары мен уақытша ұстау изоляторында ұстау жағдайларының сақталуына тексеру жүргізу қажет. Қатысушыларға уақытша ұстау изоляторын тексеру бойынша тапсырмалар беру.</p>	<p>Азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау бойынша ситуациялық тапсырмаларды шешу. Ұсталғандардың арыздары мен өтініштерін қарау. Заң бұзушылықтарды анықтау, оларды жою және қадағалау актілерін енгізу.</p>	<p>11:10-13:00</p>	<p>Тексеру жүргізу тәртібін меңгеру, уақытша ұстау изоляторын тексеру, заң бұзушылықтарды анықтау, қадағалау актілерін жасау дағдыларын бекіту.</p>
		<p>13:00-14:30</p>	
<p>Қатысушыларға уақытша ұстау изоляторын тексеру бойынша тапсырмалар беру (жалғасы). Қателерді талдау.</p>	<p>Азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау мәселелері бойынша ситуациялық тапсырмаларды шешу (жалғасы).</p>	<p>14:30-16:20</p>	<p>(жалғасы)</p>
<p><b>ТРЕНИНГТІҢ 4-КҮНІ</b></p>			
<p><b>Ұйымдастырушының</b></p>	<p><b>Қатысушылардың</b></p>	<p><b>Уақыты</b></p>	<p><b>Тренингтің</b></p>

<b>іс-әрекеттері</b>	<b>іс-әрекеттері</b>		<b>міндеттері</b>
<p>Тергеуді жалғастыру туралы тапсырма. Дайындалған процестік құжаттарды тексеру. Күдіктіден қосымша жауап алу хаттамасын ұсыну.</p>	<p>Күдіктінің әрекетін ҚР ҚК-нің 106-бабының 3-бөлігі бойынша саралау туралы қаулы. Бұл шешімді бекітуден бас тарту тәртібі. Күдіктінің әрекетін ҚР ҚК-нің 99-бабының 1-бөлігі бойынша саралау туралы қаулы. Осы шешімді келісу. «Күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулы. Бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтініштерді дайындау және қолдау.</p>	<p>09:10-13:00</p> <p>13:00-14:30</p>	<p>Тергеу шаралары мен қадағалауды дұрыс ұйымдастыру. Процестік шешімдерді дайындау және келісу дағдыларын нығайту.</p>
		13:00-14:30	
Тергеу судьясының	Процесс прокурорының	14:30-	Өтінішхатты

санкциялау туралы өтінішхатты қарауын ұйымдастыру.	өтінішхатты қолдауы және сотта сөз сөйлеуі.	16:20	қолдау және тергеу сотына қатысу дағдыларын дамыту.
<b>ТРЕНИНГТІҢ 5-КҮНІ</b>			
<b>Ұйымдастырушының іс-әрекеттері</b>	<b>Қатысушылардың іс-әрекеттері</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Тренингтің міндеттері</b>
Сот сараптамаларының қорытындыларын беру.  <b>Негізді сұрақтары бар қаулы жасақтаған жағдайда беріледі!</b>  Топтарға куәлардан жауап алу хаттамаларын беру (егер бұл тергеу әрекеті жоспарларда және жеке тапсырмаларда болса).	Табылған және алынған нәрселерге, заттарға және т.б. сот сараптамасын тағайындау туралы қаулылардың жобаларын дайындау. Процесс прокурорларының ЖТТ-ның есебін тыңдауы, проблемалық мәселелерді талқылау, тергеудің қосымша жоспарын жасау. Облыс прокуратурасына ақпарат дайындау.	09:10-11:00	Процестік шешімдерді дайындау және келісу дағдыларын бекіту.
Тергеудің толық еместігі	ҚР ҚПК-нің 105-бабына	11.10-	Шағымдар мен

және басқа да заң бұзушылықтар туралы шағымдар беру.	сәйкес қаулы шығару арқылы шағымдар мен арыздарды қарау.	13.00	арыздарды қарау, дәлелді қаулылар дайындау дағдыларын бекіту.
		13:00-14:30	
Жүргізілген тергеп-тексерудің толық еместігі, басқа да заң бұзушылықтар туралы шағымдар беру (жалғасы).	Шағымдар мен арыздарды қарауды жалғастыру.	14.30-15.20	Шағымдар мен арыздарды қарау, дәлелді қаулылар дайындау дағдыларын бекіту.
Топтарды жинап, олардың атқарған жұмыстары туралы есебін тындау, проблемалық мәселелерді талқылау.	Күні бойына алынған нәтижелерді қорытындылау, келесі күнге іс-шаралар жоспарын жасау, тренингті ұйымдастырушыға атқарылған жұмыстар туралы есеп беру, проблемалық мәселелерді талқылау.	15.30.-16.20	Қателерді сұрыптау, қажет болған жағдайда жүргізіліп жатқан жұмысты түзету, топтардың әрекетін бағалау

<b>ТРЕНИНГТІҢ 6-КҮНІ</b>			
<b>Ұйымдастырушының іс-әрекеттері</b>	<b>Қатысушылардың іс-әрекеттері</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Тренингтің міндеттері</b>
<p>Сабақтар криминалистік полигонда өтеді.</p> <p>Топтарға қылмыстық қудалау органының лауазымды адамдарының тергеу мен анықтаудың рұқсат етілмеген әдістерін қолдануы туралы арызды беру.</p> <p>Жауап алу және оқиға орнын қарап тексеру бланкілерін ұсыну.</p>	<p>АТК-ға және СДТБТ-ға азаптау қолданылғаны туралы өтінішті тіркеу.</p> <p>Баянат жазып, ҚР ҚК-нің 146-бабы бойынша фактіні тіркеп, оқиға болған жерді (крим. полигоны) қарап тексеру бойынша шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу.</p> <p>Заттай дәлелдемелерді жинақтап, іске тіркеу.</p>	<p>09:10-13:00</p>	<p>Келіп түскен азаптау туралы арыз бойынша тексеру жүргізу, шұғыл тергеп-тексеру әрекеттерін жүргізу дағдыларын бекіту: іздерді алу арқылы оқиға болған жерді қарап тексеру, сараптамалар тағайындау және т.б.</p>
		13:00-14:30	
<p>Сот психиатриялық сарапшылар комиссиясы (бұдан әрі - СПСК) жүргізу туралы және тергеп-тексеру</p>	<p>СПСК тағайындау, тергеп-тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қаулылар шығару</p>	<p>14:30-15:20</p>	<p>Процестік шешімдерді дайындау және келісу дағдыларын</p>

мен күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы тапсырма беру. Топтарға сұрау салуларға жолданған жауаптарды, кісі өлтіру фактісі бойынша куәлардың жауаптарын беру.	(уәждеделген болуы тиіс). Күзетпен ұстау мерзімдерін ұзарту туралы өтінішхат (уәждеделген болуы тиіс).		бекіту.
Топтардың атқарылған жұмыстары туралы есептерін тыңдау, проблемалық мәселелерді талқылау.	Күні бойына алынған нәтижелерді қорытындылау, келесі күнге іс-шаралар жоспарын жасау, тренингті ұйымдастырушыға атқарылған жұмыстар туралы есеп беру, проблемалық мәселелерді талқылау.	15:30- 16:20	Қателерді талдау, қажет болған жағдайда орындалатын жұмысты ретке келтіру, топтардың әрекеттерін бағалау.
<b>ТРЕНИНГТІҢ 7-КҮНІ</b>			
<b>Ұйымдастырушының іс-әрекеттері</b>	<b>Қатысушылардың іс-әрекеттері</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Тренингтің міндеттері</b>

<p>Тренинг аясында ЖТТ-ға тергеп-тексеру мерзімін ұзу, қылмыстық қудалауды тоқтату, күдіктінің әрекетін ҚР ҚК-нің 99-бабынан 106-бабының 3-бөлігіне қайта саралау туралы дәлелді процестік шешімдер қабылдауды тапсыра отырып, прокурорлар заңдылық пен негізділік тұрғысынан тексеруі керек.</p>	<p>Тергеп-тексеру барысында алынған іс материалдарына сүйене отырып, ЖТТ дәлелді процестік шешімдер шығаруы керек. Қадағалаушы прокурорлар ҚР ҚПК-де көзделген өкілеттіктер шегінде тиісті баға беруі тиіс. Осы шешімдер негізсіз деп танылған жағдайда – қадағалау актісін (тәртіптік іс жүргізуді қозғау, заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсынулар) енгізе отырып, олардың күшін жою қажет.</p>	<p>09:10-13:00</p>	<p>Процестік шешімдерді дайындау, келісу, күшін жою және қадағалау актілерін енгізу дағдыларын бекіту.</p>
		<p>13:00-14:30</p>	
<p>Жалғастыру. Іс бойынша қосымша материалдарды топтарға жіберу.</p>	<p>Жалғастыру.</p>	<p>14:30-15:20</p>	

Топтардың атқарылған жұмыстары туралы есептерін тыңдау, проблемалық мәселелерді талқылау.	Күні бойына алынған нәтижелерді қорытындылау, келесі күнге іс-шаралар жоспарын жасау, тренингті ұйымдастырушыға атқарылған жұмыстар туралы есеп беру, проблемалық мәселелерді талқылау.	15:30-16:20	Топтардың жұмысын бағалау, қателерді талдау, ұсынулар енгізу.
<b>ТРЕНИНГТІҢ 8-КҮНІ</b>			
<b>Ұйымдастырушының іс-әрекеттері</b>	<b>Қатысушылардың іс-әрекеттері</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Тренингтің міндеттері</b>
Топтарға тапсырма беру: ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, аймақтағы қылмыстық жағдайға, қасақана кісі өлтіру және жеке адамға қарсы басқа да қылмыстық	Ақпараттық жүйелердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып талдау жүргізу. Заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы ұсынулар енгізу. Криминогендік жағдайды	09:10-13:00	

құқық бұзушылық істері бойынша қадағалаудың жай-күйіне талдау жүргізу. ҚР ҚПК-нің 200-бабында көзделген құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған шараларды қабылдау.	жақсартуға бағытталған алдын алу шараларының жоспарын жасау.		
		13:00-14:30	
<b>Жалғасы</b>	<b>Жалғасы</b>	14:30-15:20	
Әр топты жинап, олардың атқарған жұмыстары туралы есебін тындау, проблемалық мәселелерді талқылау.	Күні бойына алынған нәтижелерді қорытындылау, келесі күнге іс-шаралар жоспарын жасау, тренингті ұйымдастырушыға атқарылған жұмыстар туралы есеп беру, проблемалық мәселелерді	15:30-16:20	Айқын қателерді анықтау, қажет болған жағдайда жұмысқа бағыт беру және топтың жұмысын бағалау

	талқылау.		
<b>ТРЕНИНГТИҢ 9-КҮНІ</b>			
<b>Ұйымдастырушының іс-әрекеттері</b>	<b>Қатысушылардың іс-әрекеттері</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Тренингтің міндеттері</b>
Тренинг шеңберінде топ мүшелеріне процестік келісім жасау туралы өтініштерді (қасақана кісі өлтірді деген күдіктіден, басқа қылмыс жасады деген күдіктіден түскен) қарауды тапсыру. Жасалған құжаттарды талдау.	Өтінішхаттарды қарау және оларды мәні бойынша шешу. Процестік келісімдердің жобаларын жасау.	09:10-13:00	Өтінішхаттарды қарау, процестік келісімдерді жасау, жауаптар беру дағдыларын нығайту.
		13:00-14:30	
Топтардың атқарылған жұмыстар туралы есептерін тыңдау, проблемалық мәселелерді талқылау.	Күні бойына алынған нәтижелерді қорытындылау, келесі күнге іс-шаралар жоспарын жасау, тренингті ұйымдастырушыға	14:30-15:20	Қателерді сұрыптау, қажет болған жағдайда жүргізіліп жатқан жұмысты түзету, топтардың әрекетін бағалау.

	атқарылған жұмыстар туралы есеп беру, проблемалық мәселелерді талқылау.		
<b>ТРЕНИНГТІҢ 10-КҮНІ</b>			
<b>Ұйымдастырушының іс-әрекеттері</b>	<b>Қатысушылардың іс-әрекеттері</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Тренингтің міндеттері</b>
Тергеудің аяқталғаны туралы есептер мен айыптау актілерін жасақтау жөнінде тапсырма беру.  Қылмыстық істі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есептерді тыңдау.	ҚР ҚПК-нің 38 және 39-тарауларының талаптарын сақтай отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есептерді және айыптау актілерін жасақтау	09:10-13:00	Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есептерді және айыптау актілерін жасақтау дағдыларын дамыту.
		13:00-14:30	
Жасақталған айыптау актілерін талдау.	ҚР ҚПК-нің 38 және 39-тарауларының талаптарын сақтай отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы	14:30-15:20	Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есептерді және айыптау актілерін

	есептерді және айыптау актілерін жасақтау		жасақтау дағдыларын дамыту.
Әр топты жинап, олардың атқарған жұмыстары туралы есебін тыңдау, проблемалық мәселелерді талқылау.	Күні бойына алынған нәтижелерді қорытындылау, тренингті ұйымдастырушыға атқарылған жұмыстар туралы есеп беру, проблемалық мәселелерді талқылау.	15:30-16:20	Топтардың орындаған жұмысын бағалау, қажет болған жағдайда түзету және ұсыныстар беру.
<b>ТРЕНИНГТІҢ 11-КҮНІ</b>			
<b>Ұйымдастырушының іс-әрекеттері</b>	<b>Қатысушылардың іс-әрекеттері</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Тренингтің міндеттері</b>
Сот процесін өткізуді ұйымдастыру (сот отырысының залы).	Сот процесіне қатысу. Мемлекеттік айыптауды қолдау.	09:10-13:00	Сотқа қатысу және мемлекеттік айыптауды қолдау дағдыларын бекіту.
		13:00-14:30	
Сот процесін өткізуді ұйымдастыру (сот	Сот процесіне қатысу. Мемлекеттік айыптауды	14:30-16:20	Сотқа қатысу және мемлекеттік

отырысының залы). <b>Жалғасы</b>	қолдау. <b>Жалғасы</b>		айыптауды қолдау дағдыларын бекіту.
Топтардың атқарылған жұмыстар туралы есептерін тыңдау, проблемалық мәселелерді талқылау.	Атқарылған жұмыстардың нәтижелерін қорытындылау, тренингті ұйымдастырушыға есеп беру, егер сабақтарды жақсарту бойынша ұсыныстар болса, оларды енгізу.	16:30-17:20	Топтардың қызметін бағалау, қажет болған жағдайда орындалған жұмысты түзету және ұсыныстар беру.

## **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 04.07.2014ж., [Электронды ресурс] – қолжетімді режим:

<http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000231> (жүгінген күні: 03.03.2025ж.);

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим:

<https://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708> (жүгінген күні: 03.03.2025ж.);

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің түсіндірмесі, Жалпы және Ерекше бөлімдер - Алматы: Жеті Жарғы, 2008ж., редакцияны басқарған ҚР ҰЖҒА профессоры, з.ғ.д. М.Ч.Қоғамов;

4. ҚР Қылмыстық кодексінің түсіндірмесі, екі кітапта, редакцияны басқарған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, з.ғ.д., профессор И.И.Рогов, з.ғ.д., профессор С.М.Рахметов;

5. «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №10 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: <http://10.61.42.188/kaz/docs/P170000010S> (жүгінген күні: 03.03.2025ж.);

6. Қылмыстық-процестік құқық (қылмыстық процес), ЖОО студенттеріне арналған оқулық, редакцияны басқарған А.В.Ендольцева, О.В.Химичева, Е.Н.Клещина;

7. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 21.02.2023 жылғы №65 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулық;

8. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы әзірлеген адам өлтіру істері бойынша прокурордың шешім қабылдауын сынақтан өткізу бойынша пилоттық жобаны жүргізу алгоритмі.

**Оқулық басылымы**

**Бектен Айболат Саматұлы  
Рахметчанов Рафхат Чайзяданович  
Ким Евгений Валериевич**

**«ҚАСАҚАНА АДАМ ӨЛТІРУ  
ҚЫЛМЫСТАРЫН ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУГЕ  
ЖӘНЕ СОТТА МЕМЛЕКЕТТІК  
АЙЫПТАУДЫ ҚОЛДАУҒА ПРОЦЕСТІК  
БАСШЫЛЫҚ ЕТУ»**

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ**

Пішімі 60x90/16

Шартты баспа парақтары 5.19

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы» ММ  
010078, Ақмола облысы, Қосшы қ., Республика к.,  
құрылыс-94

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
жанындағы Құқық қорғау органдары  
академиясының баспаханасында  
басылып шықты